

30.09.2020 жыл

№ 6 3 т.

**Түркістан облыстық және Шымкент қалалық
кәсіподақ ұйымдарының білім саласы
ұйымдарындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту
және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу
жөніндегі жұмысы туралы**

«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ құқықтық жұмыс және әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі Р.М.Кидирбаеваның Түркістан облыстық және Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымдарының білім саласы ұйымдарындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі жұмысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылап, Кәсіподақтың Атқару комитеті атап өтті:

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Шымкент қалалық ұйымында, бірлестіктің XIV Съезімен бекітілген, әлеуметтік әріптестікті дамытуға қатысты Кәсіподақ қызметінің 2019-2022 жылдарға арналған Бағдарламасын іске асыру жөнінде нақты жұмыс жүргізіледі.

Әлеуметтік әріптестік жағдайы мен оны дамыту мәселесі басқарманың алқалы органдарымен мерзімді қаралып тұрады.

Аймақта білім саласы қызметкерлерінің еңбек жағдайларын, еңбекпен қамту және әлеуметтік кепілдіктерді анықтау туралы 2019-2022 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы үшжақты Келісім жасалған. Әлеуметтік әріптестік туралы үшжақты комиссия құрылып, бекітілген негіздемелік жоспарға сәйкес жұмыс жасайды.

Барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарында келіссөздер жүргізіліп, ұжымдық шарттар жасалған.

Әлеуметтік әріптестік жүйесінде жұмыс берушілер өкілдерінің еңбек заңнамасын орындауына қоғамдық бақылау тиімділігін ұйымдастыру мен арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдары әлеуметтік әріптестікке қатысты өткізілетін шаралардың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді.

Кәсіподақ активі мен жұмыс берушілер өкілдерін еңбек занамасының негіздеріне, еңбек саласындағы әлеуметтік әріптестік әдістері мен нысандарына оқыту қамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік әріптестікті әдістемелік қолдау бойынша нақты жұмыс жүзеге асырылады.

Түркістан облыстық ұйымы төрағасының қажетті ақпаратты тексеруге дәлелсіз бас тарту себебінен, Атқару комитетінің мүшелеріне білім саласы ұйымдарында әлеуметтік әріптестікті дамыту және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелері бойынша ақпаратты ұсына алмаймыз.

Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» ҚБ құқықтық жұмыс және әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі Р.М.Кидирбаеваның «Түркістан облыстық және Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымдарының білім саласы ұйымдарындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту және әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі жұмысы туралы» ақпараты назарға алынсын. Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымында ұжымдық шарттарға және әріптестіктің үшдеңгейлі жүйесіне негізделген әлеуметтік сұхбат дамыған.

2. Барлық деңгейлердегі кәсіподақ органдарына, кәсіподақ ұйымының төрайымы Л.В.Тургинбаеваға төмендегі мәселелер бойынша әлеуметтік әріптестікті дамытуға қатысты барынша белсенділік таныту ұсынылсын:

- саладағы әлеуметтік әріптестіктің тиімді қолданыстағы жүйесін ҚР Еңбек кодексінің негізінде құру;

- әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық аймақтық комиссия қызметін жетілдіру;

- қолданыстағы еңбек заңнамасы базасында келісімдер мен ұжымдық шарттар құрылымын қалыптастыру және қосымша әлеуметтік сұхбат саласына жалақы, кепілдіктер мен өтемақылар, еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау мәселелерін қосу, педагогикалық кадрларды кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды, біліктіліктерін арттыруды және аттестаттауды, оларды жұмысқа орналастыруды, үздіксіз білімдерін жоспарлау, ұжымдық шарттар мен келісімдерде қабылданған тараптар міндеттемелерінің орындалуына, сондай-ақ кәсіподақ қызметімен жүзеге асырылатын қызметкерлердің кепілдіктерінің төмендеуіне жол бермеуге бағытталған шараларды тараптардың бақылауы мен жауапкершілігіне тиімді механизм;

- ұжымдық еңбек дауларын шешудің қолданыстағы тәртібін, соның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік-еңбек құқықтарын сотқа дейін және сотта қорғау механизмін (келісу комиссиялары, медиация) қолдана отырып жетілдіру;

- ұжымдық шарттар мен келісімдер жасау тәжірибесі, құқықтық қамтамасыз ету және әлеуметтік сұхбатты дамыту саласында әлеуметтік әріптестер арасында ақпараттық алмасу мен тәжірибе алмасуды кеңейту;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрайымының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төрайым

А. Мұқашева